

Жұмағұлов Б.С.¹

*¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институтының директоры,
тарих ғылымдарының кандидаты, профессор*

Қазақ АКСР-ның құрылуының 100 жылдығына

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЗАМАТ СОҒЫСЫНАН КЕЙІНГІ МЕРЗІМДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ТАРИХЫНАН (1920-1924 жж)

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның 1920 - жылдардағы тарихының өзіндік ерекшелігі, азамат соғысынан кейінгі Кеңес өкіметінің алғашқы саяси, экономикалық, мәдени, тағы да басқа бағыттардағы бейбіт құрылымдарының жүзеге асыру барысындағы қиындықтар мен қайшылықтар туралы айтылады.

Осындай жағдайдағы Қазақстанда мемлекеттіліктің саяси - экономикалық, әлеуметтік, мәдени, т.б. салалардағы іргетасын қалауда елеулі жұмыстар атқарылғандығы, бірақ елдегі осы бағыттағы жұмыстар азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі аса ауыр жағдайда өткендігі сөз болып, бұл жылдар шаруашылықтың толық күйреуі барысындағы орын алған қоғамның барлық саласын қамтыған қарама-қайшылықтардың терең шиеленісуінің себептеріне талдау жасалады.

Ресейдегі 1914-1920 жылдар аралығындағы бірінші дүниежүзілік соғыс, азаматтық тартыс елдің барлық саласына аса үлкен қирау, құлдырау, тоқырау, тұрғындарына күйзеліс, кедейшілік пен аштық әкелуінің себептеріне тоқталған.

Түйін сөздер: Кеңес үкіметі, меншіктен айыру, күштеп ұжымдастыру, отырықшыландыру, аштық.

B.S. Zhumagulov¹

¹Director of the Institute of history and law, candidate of historical sciences, professor of Abay KazNPU

To the 100 anniversary of the Kazakh ASSR

FROM THE HISTORY OF ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN AFTER THE CIVIL WAR (1920-1924)

Abstract

The article analyzes a new view of the history of economic development of Kazakhstan after the civil war. The purpose of the work is to identify problems, analyze the implementation of the social and economic policy of Soviet power.

In this article, there are new transformations in the political, economic and social life of Kazakhstan and the difficulties in its implementation. The ongoing work on restoration of peaceful life, destroyed economy and economy in Kazakhstan is indicated.

The reasons for the decline in economic life, destruction, poverty and hunger in Kazakhstan are indicated. As a result of hunger, cold and the accompanying diseases, the demographic situation in the nomadic and semi-nomadic regions of the republic deteriorated – the population of the rural population in many provinces decreased to 1/3, more than 700 000 people left Kazakhstan.

Key words: Soviet government, deprivation of property, forced collectivization, settlement, opposition of the people.

Жұмағұлов Б.С.¹

*¹КазНПУ имени Абая, директор Института истории и права,
кандидат исторических наук, профессор*

ИЗ ИСТОРИИ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА ПОСЛЕ ГРАЖДАНСКОЙ ВОЙНЫ (1920-1924)

Аннотация

В данной статье анализируется новый взгляд к истории экономического развития Казахстана после гражданской войны. Целью работы является выявление проблем и анализ реализации социально-экономической политики Советской власти. Отмечаются особенности новых преобразований в политико-экономической и социальной жизни Казахстана и трудности при его осуществлении. Указывается проводимые работы по восстановлению мирной жизни, восстановление разрушенного хозяйства и экономики в Казахстане.

Указываются причины спада хозяйственной жизни, разрушения, бедность и голод в Казахстане. В результате голода, холода и сопутствующих им болезней демографическая ситуация в кочевых и полукочевых районах республики ухудшилась - численность сельского населения во многих губерниях сократилась до 1/3, более 700 тысяч человек покинули пределы Казахстана.

Ключевые слова: Советское правительство, лишение собственности, насильственная коллективизация, оседлый образ жизни, голод.

Қазақстанның 1920 - жылдары мерзіміндегі тарихының өзіндік ерекшелігі мол. Отанымыздың бұл мерзімдегі өткені азамат соғысынан кейінгі Кеңес өкіметінің алғашқы саяси, экономикалық, мәдени, тағы да басқа бағыттардағы бейбіт құрылымдарымен байланысты болды. "... өз басым Қазан төңкерісінен кейінгі жылдар, - деп көрсетеді Н.Ә. Назарбаев, - біз үшін текке кеткен жоқ деген байлам жасадым. Материалдық өндіріс жүйесін түбірінен жаңарту, адамдардың білім деңгейінің күрт өсуі, қоғамның түрлі әлеуметтік топтарының арасындағы қатынастарды жақсарту ... - мұның бәрін өзіміздің тарихи жүгіміздің асылдарына жатқызған жөн"[1]. Осылардың ішіндегі ең маңыздысы –қазақ халқының тарихында тұңғыш рет дәуір тұрғыдағы шектеулері болғанымен РКФСР құрамындағы Қазақ Кеңестік Автономиялық Республикасының негізделуі, тарихи территориясының толыққа жуығының қалпына келтіріліп, оның құрамына берілуі болды. Ал бұл істің шешімін табуы, елінің еркіндігін қамтамасыз етуді басты мақсат еткен, алайда оған жетудің жолдары әртүрлі болған барша ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірлескен қимылдарының нәтижесінде болғандығы белгілі

Осындай жағдайдағы РКФСР құрамындағы Қазақстанда мемлекеттіліктің саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени, т.б. салалардағы іргетасын қалауда елеулі жұмыстар атқарылды. Бүкіл елдегі, соның ішіндегі Қазақстандағы осы бағыттағы жұмыстар азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі аса ауыр жағдайда өтті. Бұл жылдар шаруашылықтың толық күйреуі барысындағы орын алған қоғамның барлық саласын қамтыған қарама-қайшылықтардың терең шиеленісуімен айқындалды. Міне, осындай жағдайда Орталық Кеңес өкіметі социалистік жүйені сақтап қалып, одан ары нығайтуды күн тәртібіне қойды.

Негізгі міндет социализмнің артықшылығын, оның мақсаты қарапайым халықтың мүддесін іске асыруға арналғандығын дәлелдеу болды. Осы жоспарды орындауға мемлекеттің барлық күші жұмсалды. Аталған жолда коммунистердің көсеміне социализмнің саяси негізін сақтай отыра жағдайды орнықтырып, одан ары нығайту үшін пролетарлық биліктің бақылау, тіпті қатаң тәртіптік шараларын күшейтуге, шаруашылықты жүргізудің жаңа, социализмге сәйкес емес түрлерін таңдауына тура келді. Жедел шаралар қысқа мерзімде өз нәтижесін бере бастады. Атап айтқанда:

- азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі уақыттағы бүкіл елдегі, сонымен бірге Қазақстандағы бүлінген, тоқтап, қираған шаруашылықтың түрлері қалпына келтірілді, жаңа өндіріс орындары, темір жол бөлімдері салынды, бұрынғы жол қатынасы, т.б. жұмыстары жандандырылды;

- 1920 жылдан басталған аштықтың зардаптарын жоюда жоспарлы жұмыстар атқарылды;

- жаңа экономикалық саясаттың нәтижесінде Қазақстанның халық шаруашылығы оңдалып, одан ары дамыды, оның өнімділігі артты. Осы қысқа мерзімде автономиялы республиканың экономикасы 1913 жылғы көрсеткіштен асты. Шаруашылықты ұйымдастыру саласындағы жұмыстар большевиктік партияның бағдарламасында болған тұрғындарға әлеуметтік, мәдени, т.б. шараларды іске асырумен қатар жүргізілді. Егерде осы айтылғандарға толығымен тоқтайтын болсақ: Ресейдегі 1914-1920 жылдар аралығындағы бірінші дүниежүзілік соғыс, азаматтық тартыс

елдің барлық саласына аса үлкен қирау, құлдырау, тоқырау, тұрғындарына күйзеліс, кедейшілік пен аштық әкелді.

Азамат соғысында жеңіске жеткен кеңес өкіметінің алдында қысқа мерзімде бүлінген және тоқтап қалған шаруашылықты қалпына келтіру, одан ары дамыту, халықтың тұрмысын түзеу, жақсарту, осы арқылы олардың большевиктік жүйеге деген сенімін арттыру міндеті тұрды.

Бұл мақсатты іске асыруда мемлекеттің үлкен аймағы Қазақстанда да жоспарлы да жүйелі жұмыстар атқару қолға алынды. Айтылғандардың қатарындағы ең маңыздысы жер мәселесі болды. Мысалы: “20 - жылдардың басында В.И. Лениннің бастамасымен қазақ еңбекшілеріне патша үкіметі тарапынан қоныстандыру қорына, дворяндар мен капиталистер пайдалануына алынған барлық жерлер қайтарылып берілді. Жетісуда жер-су реформасы жүргізілді. Аталған барлық шаралардың орындалуы нәтижесінде қазақ және жергілікті басқа ұлт шаруалары миллиондаған жерлер алды”[2.128].

Қазақтарға бұрынғы жерлерін қайтару ісі Қазақ автономиялық кеңес өкіметі басшыларының да үнемі назарында болып, бұл шараны іске асыру мақсатында арнайы шешімдер шығарылды. Мысалы: Азамат соғысы аяқталысымен Қырғыз Орталық Атқару Комитетінің Декреті шығарылып, онда: “Қазіргі күнгі шаруа қоныстанушылар тарапынан қырғыздардан күшпен алынған, әзірге қоныстанушыларға бөлінбеген барлық жерлер -жыртылатын, шабындық, және тағы басқалары еңбекші қырғыз тұрғындарына қайтарылуға тиіс.

Шаруалардың пайдалануындағы егістік үшін тартып алынған жерлер олардан өнім алынғаннан және барлығы жиналғаннан кейін қайтарылуға жатады.

Ақпан революциясына дейін еңбекші қырғыз халқының пайдалануында болған, алайда қырғыздардың пайдалануынан заңсыз тұрғыда немесе күшпен басып алынған омарталық, шабындық, жайылымдық сулы жерлер және көш жолдары .. еңбекші қырғыз тұрғындарына қайтарылады”,[3] -деп көрсетілді.

Себебі осы мерзімде аталған мазмұндағы өтініштер жергілікті кеңес өкіметі орындарынан қабылдана бастады. Мысалы, Жетісудағы тарихи қазақ жерлерін қайтару туралы өтініш облыстық ревкомның төрағасы О.Жандосовтың атынан түсіп, онда: “ ... Толығымен, сонымен қатар мәңгілікке және шындығында да көшіп келген еуропалық, сонымен бірге жергілікті тұрғындардың арасындағы жерді пайдалану құқықтарын теңестіру, соңғы шаруашылықтарға қоныс аударушылардың артық жерлерін беру арқылы еңбек ережесі бойынша біріншілері мен екіншілерін тең дәрежеде жермен қамтамасыз ету.

... еңбек шартына сай бөлістен артық қалған қоныстанушы тұрғындардың жерлерін ... батрақтық, жалға алушыларға және қоныстанушыларға берілген жерлерді қырғыз шаруашылықтары арасында бөлу , ...

Қоныстанушылар басып алғандықтан ығыстырылған қырғыздардың жерлері егер де ол жерлер ... бұрын жерлері бар қоныстанушылар арасында бөлінсе сөзсіз қайтару”[4.66] - қажеттігі айтылған. Жергілікті кеңес орындары арқылы осы жерлердің заңды иелеріне қайтарылып берілгендігі белгілі. Атап айтқанда “Жетісу облыстық экономикалық кеңесінің 1921-1922 жылдардағы есебінен айқындалатынындай, аграрлық қайта құрулардың нәтижесінде Жетісуда ғана қазақ және қырғыз ауылдары мен айылдары, ұйғыр және дұнған қыстақтары еңбек шаруашылықтарын орналастыру қорына 1миллион десятинадан артық жер өтті”[5.418].

Кеңес өкіметі тарапынан 1920 жылдардың басынан Қазақстандағы өнеркәсіп орындарының жұмысын жандандыру, көлемін ұлғайту, қалпына келтіру, т.б. істер де қолға алынды. Осылардың қатарында ХХ ғасырдың басында шетел капиталистеріне берілген Қазақстандағы тау-кен кәсіпорындары қайтадан қайтарыла бастады. В.И. Лениннің “ұсынысы бойынша Урквартпен Риддер кен орындарын концессияға беру туралы келісім іске асырылмады. В.И. Ленин Петропавловск-Көкшетау темір жолын салуды жылдамдатуға ықпал жасады” [2.137].

Аталған бағыттағы: “Бірінші. Риддер, Зырян, Екібастұз, осы аудандағы барлық ұсақ кен орындары, бүкіл құрал-жабдықтарымен Қырғыз Промбюро қарамағына беріледі. ...

... Сегізінші. Барлық аталған шаралар жедел түрде Сібпромбюро және Қырғызпромбюро арасындағы келісім арқылы іске асырылсын. Орындалуы туралы ХШЖК (ВСНХ) төралқалығына хабардар етілсін” [6.243,244] - деген тарихи шешімнен Орталық Кеңес өкіметінің Қазақстанның тау-кен өндірісін нығайтуға ерекше назар аударғандығы айқындала түседі.

Қираған, өндірісті қалпына келтіру, тоқтап қалғанын жандандыру, жаңа кәсіпорындар салу, мамандармен қамтамасыз ету ісі одан ары жалғастырылды. Себебі, “Ұлттық республикалардың, соның ішінде Қазақстанның экономикасы аса ауыр жағдайда болды. Соғыс қимылдарын бастарынан өткізген өлкенің өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және транспорты аса терең қирауға

ұшырады. Жезқазған, Риддер, Зырян кен орындары, Спасск және Қарсақбай мыс қорыту зауыттары, Қарағанды, Екібастұз және Байқоңыр көмір өндірісі, Ембі мұнай өңдеу және жеңіл және тамақ өндірісі орындары қатардан шығарылды” [5.316].

Міне сондықтан да, бүкіл елдегі сияқты Қазақстанның өндіріс орындарын қалпына келтіру аса маңызға ие болды. Аталған бағыттағы атқарылған ұйымдастыру шараларының барысында “... 1920 жылдың соңына дейін Ембі мұнай өндірісі кәсіпорындарын қалпына келтірудің негізгі жұмыстары аяқталды, мұнай өңдеу зауыты, шеберханалар, мұнай қоймалары пайдалануға берілді. Осы уақытқа жүктерді өз мерзімінде тасымалдауды қамтамасыз ететін темір жолды қалпына келтіру де аса маңызға ие болды. Алайда бұл істердің қарқынды жүзеге асырылуына бастапқыда толық жағдай болмады. Сондықтан да: “Қазақстанда сол жылдарда жаңа өндіріс орындарын салуды бастауға мүмкіндіктің жоқтығынан Кеңес өкіметі партияның X съезінің шешіміне сай елдің неғұрлым дамыған аудандарынан жекелеген кәсіпорындарды шығысқа ауыстыра бастады. ... ҚазақАКСР-ның орталығы Орынборға 1920 жылы-ақ Мәскеу тоқыма фабрикасы (бұрынғы Гофман), ал Қостанайға - Коломенск жүн фабрикасы (бұрынғы Жучкова) ауыстырылды” [5.322].

Кеңестік билік азамат соғысы аяқталысымен осылармен қатар шет аймақтарда жаңа өндіріс орындарын салу, қирағандарын қалпына келтіру ісін қолға алды.

Мысалы: “1920 жылы Ресейден Қазақстанға тоқыма және көмір өндірісі кәсіпорындары келіп орналастырылды. Кадрлармен алмасу жедел қарқында іске асырылды - Орталыққа адамдар оқуға жіберілді, ал бұған керісінше Орталықтан мамандар келді. Қорытындысында 1920 жылдың соңына Қазақ АКСР-на енген облыстарда 6418 кәсіпорын қалпына келтіріліп, жұмыс істеді, оларда 38336 жұмысшы болды.

Егер де теміржолға келетін болсақ, олардың кейбіреулері азамат соғысының соңына дейін қалпына келтіріле бастады, ал 1920 жылы Лениннің жарлығымен мұнай-газ өндірісіне қызмет ету мақсатындағы жаңалары салына бастады.

... 20-жылдардың екінші жартысында соғысқа дейінгі деңгей қалпына келтірілді. Халық шаруашылығын ондандырудың міндеттері осы уақытта негізінен орындалды.

Қазақстанның индустриялық тұрғыдағы дамуының ерекшелігі мұндағы өндірістің жаңадан негізделуінде болды. Капиталдың негізі ауыр өндірісті дамытуға жұмсалды -83,6%, соның ішінде барлық қаржының түсті металлургияға - 44,5%, мұнай өндіруге - 20, көмір өндіруге -15,3, химия өндірісіне - 4,8, электр қуатын өндіруге - 8,5% жұмсалды” [7.52,83].

Өнеркәсіпті қалпына келтіріп, оның көлемін арттыру Қазақстандағы бүлінген транспортты жөндеумен қатар жүргізілді. Бұл істі Орталық Кеңес өкіметі үнемі бақылауында ұстады. Көрсетілген тұрғыдағы: “Ленин Түркістан республикасы Экономикалық Кеңесінің өкілі Сафоновпен Жетісу темір жолын салуға байланысты әңгіме өткізді.

... Н.П. Горбуновқа РКП (б) Орталық Комитеті Орта Азия бюросының төрағасы Я.Э. Рудзутактан Орта Азиядағы суландыру жұмыстары және Жетісу темір жолының құрылысы туралы анықтамалар алуды тапсырды” [8.702,703], - деген деген лениндік құжаттар осыған дәлел бола алады.

Елдің оңтүстік шығыс және шығыс аймақтарын арзан да қажетті электр қуатымен қамтамасыз ету мақсатымен осы іске қолайлы өзендері мол Қазақстанға су электр станцияларын салу лениндік шаруашылық саясаттың негізгі буынына айналды. Мысалы: “ ГОЭЛРО жоспары ... бойынша республикада Хайрузовск, Тұрғұсын және Үлбі гидроэлектростанцияларын салу жоспарланды. Станциялар тізімінде Өскемен ГЭС-нің екінші және үшінші кезектері және Верный ауданындағы гидроэлектростанциялар жүйесі болды.

... ГОЭЛРО жоспарында электростанциялар ғана емес, сонымен бірге халық шаруашылығының барлық салаларын дамыту жоспарланды. Онда Қарағанды мен Екібастұз көмірлері, Алтайдағы гидроэнергетиканы дамыту, Түркістан-Сібір темір жолын салу және т.б. қарастырылды”[5.323-324]. Бұл жоспарлардың Ленин қайтыс болғаннан кейін жүзеге асырылғандығы белгілі.

Орталық және жергілікті кеңестік билік тарапынан Қазақстандағы баяндалып отырған мерзімдегі қуаңшылық және азамат соғысы салдарынан болған аштықтың алдын алып, зардаптарын жоюда айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Нақты сандарға тоқтайтын болсақ, жиырмасыншы жылдардың басында “Қазақстанда аштық тұрғындарының санының 2,5 миллионынан артық адам болған бес губернияны (Орал, Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Қостанай) қамтыды. ... Ашыққан Қазақстан еңбекшілеріне көмек беру ісі жалпы халықтыққа айналды”[5.443]. Осы аштық тек Қазақстан ғана емес елдің басқа да аудандарын қамтыды. Жағдайдың осылай күрделене түсуіне байланысты Ленин бастаған кеңес өкіметі қолда бар

мүмкіндіктің барлығын аштықтың алдын алу шараларын жүзеге асыруға арнады. Мысалы, “1921 жылдың 18 шілдесінде БОАК-тың жанынан ашыққандарға көмек беруге арналған Орталық Комиссия құрылды. Оның төрағалығына БОАК Төрағасы М.И. Калинин тағайындалды. Азық-түлік мәселесі РКП(б) ОК Саяси бюросы, Халкомкеңнің, ЕҚК және РКФСР-дің және басқа да басқарушы органдарының күн тәртіптерінен түспеді. ...1920 жылдың желтоқсан айында басқа республикалардың ОК мүшелері мен халық комиссарларына, сонымен бірге Қазақ АКСР облыстарына жіберілген өзінің жазбасында ол “Малшыларға көмектесу керек. Шаруашылық соғыс әсерінен бүлінген ...” - деп жазды. 1920-1921 жылдардағы жұт әсерінен қалыптасқан ауыр жағдайға орай РКФСР Халкомкеңінің В.И. Ленин қол қойған ““Нақты ет салығы туралы” декреті (14 маусым 1921 ж.) қазақ шаруаларын ет салығынан босатты”[5.443]. Өйткені “Қазақстанның көпшілік аудандары етек жайған ашаршылық құрсауында қалды. Орал, Орынбор, Қостанай, Бөкей, Ақтөбе губернияларында себілген астық қатты құрғақшылықтан шықпай қалды, шыққандары жазғы ыстықта қурауға ұшырады. Мал өсірумен айналысатын көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы жайылымдар мен шабындықтар толықтай күйіп кетті. Оның үстіне 1920-1921 жылдардағы ұзаққа созылған қатал қыс Торғай уезінде малдың жаппай қырылуына әкеліп соқты. Шұбалаң, Майқара, Сарықопа және басқа болыстар да зардап шекті. Ашаршылық құрбандарының, аштан өлгендердің саны күн сайын көбейе берді.

... 1921 жылғы тамыздан бастап Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Орал және Қостанай губерниялары (Түркістан АКСР-і құрамындағы Сырдария және Жетісу губернияларын қоспағанда) және Адай уезінің тұрғындары аштыққа ұрынды.

... 1922 жылғы наурыз-сәуір айларында Қазақстанды қысқан ашаршылық мүлде асқына түсті. ҚазОАК-нің Төрағасы С.Мендешовтың 1922 жылғы 8 шілдеде ҚазОАК-нің III сессиясында жасаған баяндамасында осы жылдың көктемінде алынған толық емес деректер бойынша Қазақстан бойынша аштыққа ұрынғандар саны 2832000 адамды құраған. Ал 1920 жылдың соңында республиканың барлық тұрғындарының саны 4781263 адам еді. Оның 50,3% - қазақтар, 31,2% - орыстар, 14,4% - украиндар болатын.

... 1922 жылғы 19-27 ақпанда Орынборда өткен екінші жалпықазақстандық өңірлік партия конференциясында Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы С.Мендешовтың “Қазақ АКСР-індегі ашаршылық және онымен күрес” деген тақырыпта баяндамасы тыңдалды. Конференция көрсеткендей, ашаршылық Семей және Ақмола губернияларын қоспағанда, республиканың барлық аймақтарын қамтыды. “Ашаршылықтың ғаламат болғандығы соншалық, жүрек жалғайтын түк таппаған аш-арықтар өлгендер мәйітін де талғажау етті. ... Бүкіл елге тараған зұлмат аштық Қазақ АКСР-нің шаруашылық-экономикалық өмірін дамытуда басты кедергі болды, ол кеңестік құрылыстың іргетасын шайқап қана қойған жоқ, сонымен бірге халықтың басым көпшілігін қайыршылыққа ұшыратты” деп жазылды конференция қарарында. Құжатта ашаршылықпен және оның салдарымен күресуге бағытталған бірқатар нақты шаралар белгіленді. Конференция ашыққандарға көмек көрсету жөніндегі комиссияның жұмысына партияның белсенді қызметкерлерін тарту қажеттігін атап көрсетті. Конференция делегаттары РКФСР көлік қызметкерлеріне арнап ашаршылықтан зардап шеккен аймақтарға тамақ өнімдері мен астықты үздіксіз жеткізу туралы үндеу қабылдады. “Дала өлкесіндегі қазақ халқына көмек көрсетуге назар аударылысын, - деп айтылды қарарда, - сол үшін аппарат қызметін қайта құру қажет.

Республиканың губерниялық және уездік атқару комитеттерінің жандарынан ашыққандарға көмек көрсету жөнінде арнаулы комиссия құрылды. Алғашқы комиссиялардың бірі Кеңестердің Торғай уездік атқару комитетінің жанынан 1921 жылдың көктемінде-ақ ұйымдастырылып, жұмысын бастады.

Ашыққан ауылдар мен болыстарға алғашқы көмекті ұйымдастыру үшін уездік атқару комитеті мүшелерінің барлығы дерлік елге жіберілді. 1921 жылдың көктемінде әр селолық кеңестің жанынан көктемгі егіс жұмыстарын ойдағыдай өткізу үшін арнаулы комиссиялар құрылды, олар мүмкіндігінше қажетті астықпен қамтамасыз етілді.

Аштық жайлаған Торғай уезінің тұрғындарына губерниялық азық-түлік комитеті көмек ретінде 50000 пұт астық және көктемгі егіс жұмыстарын жүргізуге тұқым қорынан 500 пұт астық бөлді.

1921 жылдың екінші жартысында уездің (Қостанай уезі, - Б.Ж.) ауылдары мен селоларында 10 балалар үйі ашылды, онда 1000-ға жуық ашыққан балалар орналастырылды. Балалар үйі азық-түлік салығы есебінен тамақпен қамтамасыз етілді, отындық ағаш дайындау шаруашылық қаражатымен жүзеге асырылды. Осыған қоса барлық болыс орталықтарында ашыққандарды тегін тамақтандыратын асханалар жұмыс істеді. Ауқатты адамдардан өндіріліп алынған қосымша салық

асханаларды азық-түлікпен қамтамасыз етті. 1921 жылы осындай шаралар Қазақстанның басқа аймақтарында да жүргізілді. Мысалы, Ойыл уездік атқару комитетінің 1921 жылғы 16 шілдедегі шешіміне сәйкес қараусыз, ашыққан қарттарды болыстардағы ауқатты адамдарға табыстады. Оларды тегін тамақтандырып, жатар жаймен қамтамасыз етуді міндеттеді.

... Қостанай уезінің болыстарында 1921 жылы алты балалар үйі жұмыс істеді, мыңнан астам бала жатын жаймен және тамақпен қамтамасыз етілді. Бөкей губерниясында 15 мың аш адамдар, мардымсыз болса да, азық-түлік пәегімен қамтамасыз етілді. Ақтөбе губерниясы Ойыл уездік атқару комитетінің 1921 жылғы 16 шілдедегі шешіміне сәйкес, ауқатты және күйлі адамдар ашыққандардың белгілі бір бөлегін жатын жаймен, тегін тамақпен қамтамасыз етуге міндеттелді”[9.185,187,188,189].

Аталған мерзімде Қазақстандағы аштыққа ұшыраған аудандарға нақты көмек Ресей Орталық ұйымдары тарапынан жүйелі түрде іске асырылып келді. Мысалы, сол уақыттағы ресми құжатта баяндалатынындай: “Әйел еңбеккерлердің 8 наурыз халықаралық күнін атап өтуге орай Ашыққандарға көмек (Помгол) Орталық Комитеті аштыққа ұшыраған өңірлерінің ашыққандарын, жұмыссыздарды, балалары бар жалғыз басты аналарды жұмысқа орналастыру мақсатында Губерниялық ашыққандарға көмек ұйымдарына миллиард рубль аударды”[10].

В.И. Ленин бастаған Орталық Кеңес үкіметі бұл мерзімде Қазақстандағы аштықтың алдын алуды барынша назарында ұстады. Ресей Федерациясының осындай жағдайға ұшыраған басқа өңірлерімен бірге Автономиялы республиканың аштық жайлаған аудандарына көмек көрсету негізгі күн тәртібіне айналды. Бұл туралы орталық мұрағат деректерінде баяндалатынындай: “Орынбор қаласы бойынша 42 балалар мекемесінің 37 қамқорлыққа алынған, ал Оралдағы 35 балалар үйінің 12 - не шефтік көмек көрсетіліп отыр.

8381 бала Ресейдің әр аймақтарына қоныс аударылған, солардың ішінде 700 бала Бұхараға жіберілді.

(1922 жыл көлемінде, - Б.Ж.) АРА ұйымы бойынша 1846 қосымша тамақтандыру орындары арқылы 434912 балаға, ... әлеуметтік шығу тектеріне қарамастан 520100 ересектерге тамақ ұйымдастырылды. Бұлармен қатар дәрі-дәрмектер, төсек жабдықтарына көмектер жасалды. Қостанай губерниясының 3 неғұрлым жаппа шеккен аудандарына 60 вагон азық-түлік жіберілді.

Бұлармен бірге аштыққа ұшыраған тұрғындар кооперативтерге біріктіріліп, олар тауарға айырбастау немесе ақшаға сатып алу арқылы азық-түлікті өздері дайындаумен айналысуда.

Кеңес өкіметі тарапынан астық өндіретін тұрғындарды тұқыммен қамтамасыз ету, күздік, жаздық егісті ұйымдастыруда үлкен жұмыстар атқарылды.

ҚКСР аштыққа ұшыраған губернияларына 475783 пұд күзгі, 4497718 пұт жазғы егіске арналған тұқым жеткізілді, олардың ішінде 76172 десятина жерге күзгі, 881052 десятина жерге жаздық егін салынды.

Жыл басынан жүйесіз қоныс аударуды реттеуге арналған шаралар қолданыла бастады. Қалалар мен темір жол станцияларына толып кеткен босқындардың 59629 басқа жерлерге жіберілді, ал қалғандары жабдықталған 53 арнайы орындарға орналастырылып, киіндіру іске асырылды. Олар тамақпен, киім және жатын орындарымен қамтамасыз етілді. Балалар 525 үйлерге және 9 балаларды қабылдау орындарына орналастырылды және оларды тамақтандыру, киіндіру жұмыстары атқарылды, осылармен қатар басқа да жағдайлар жасауға назар аударылды.

Балалар үйін босату үшін 18496 бала Федерацияның әр губернияларына эвакуация жасалынды. Қазіргі күні балалардың көпшілігі дачаларға және балалардың ауылшаруашылық-шаруашылықтық коммуналарға, кеңшарларға орналастырылды. ... Қырғыз республикасы губернияларға бөліп берілген 27 вагон ұн алды. Осындай мақсатпен біруақыттық азаматтық салық енгізілді, одан кейін БОАК жанындағы Ашыққандарға көмектесу Орталық Комитеті (ЦК Помгол) Қырғыз республикасы үшін 1 миллиард рубль ақша бөлді”[11].

Республикада уақыт өткен сайын аштықтың көлемін қысқарту, зардаптарын барынша жою мақсатындағы ұйымдастыру шараларының ауқымы да арта түсті. Мысалы, “1922 жылы Қаз АКСР-нің партия ұйымдары мен кеңес органдарының барлық күш-жігері ашаршылықпен күреске бағытталды. Ашыққан халыққа көмек көрсету жөніндегі Орталық комиссия мен жергілікті кеңес органдары жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде 1922 жылдың ортасына қарай 777192 адамды тегін тамақтандыру мүмкіндігі туды. Елдің орталық аудандарындағы ауыр жағдайларға қарамастан РКСФР Халық Комиссарлары Кеңесі Қазақстандағы ашаршылық құрбандарына дәрі-дәрмек, азық-түлік, астық түрінде айтарлықтай көмек көрсетті.

1922 жылдың көктемгі тұқым себу жұмыстары қарсаңында Қазақстанның аудандары тегін көмек ретінде 907501 пұт тұқымдық астық алды. Олардың тұқым сепкен алқабы 957224

десятинаға жетті. Тұтас алғанда, алынған барлық тұқымдық астық 1922 жылдың өзінде-ақ Қазақстанда толығымен себіліп болды.

Қараусыз қалған балаларға ерекше назар аударылды. Балалардың тұрмысы мен өмірін жақсарту жөніндегі комиссия ашыққандарға көмек көрсететін республикалық Орталық Комиссияның балалар арасындағы аштықпен күрес жөніндегі арнаулы бөлімі болып қайта құрылды. Республиканың аштық жайлаған барлық губернияларында бөлімнің жергілікті органдары ұйымдастырылды. Осы ұйымдардың жұмысы нәтижесінде 1922 жылдың бірінші жартысында республиканың 5 губерниясында аш және қараусыз балаларды тамақпен және киіммен тегін қамтамасыз ететін 575 балалар үйі мен 9 станция пайда болды. Ресей Федерациясының жағдайы қанағаттанарлық деп есептелген ... губернияларына 18496 қараусыз қалған балалар мен жетім балаларды тиеген 16 әскери-санитарлық поезд жөнелтілді.

Толық емес деректер бойынша, тек 1922 жылы ғана ҚазОАК жанындағы Орталық балалар комиссиясына елдің әртүрлі аудандарынан 66790 пұт астық пен азық-түліктің басқа да түрлері, 161567 паяк, жарты миллион сомға жуық ақшалай көмек, 100 пұттан астам сабын, бірнеше мың метр мата, бірнеше жүздеген пар аяқ киім, көптеген дәрі-дәрмек берілді.

... Ашыққан халыққа көмек көрсету жөніндегі РКФСР Орталық Комиссиясы 1923 жылы Қазақстандағы көктемгі егіс жұмыстарының қажетіне 215 мың тұқымдық астық пен жұмыс көлігін сатып алу үшін 1441429 сом бөлді, мемлекеттік банк арқылы жекелеген аймақтарға 690 мың сом көлемінде тиімді жағдайда несие берілді. Тұтынушылардың Орталық одағының арнаулы қорынан Ақтөбе, Қостанай, Орынбор және Орал губернияларының кооперативтік ұйымдарына көмек ретінде 585 мың сом бөлінді.

Сондай-ақ республиканың тек мал өсірумен шұғылданатын және ашаршылықтан зардап шеккен аудандарына да айтарлықтай көмек ұйымдастырылды. Көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарға көмек көрсетілген кезде шаруашылық және тұрмыстық ерекшеліктері ескерілді. Олардың қажетін толық көлемінде қанағаттандыру үшін жылжымалы тамақтандыру пункттері жұмыс істеді. Осындай әр пунктке дербес дәрігер бекітіліп берілді. Бұған қоса, медициналық қызмет көрсететін, алып жүруге қолайлы палаталық пункттер жұмыстары іске асырылды. Мысалы, Қызыл Крест тарапынан 11 дәрігерлік тамақтандыру отряды ұйымдастырылып, жұмыс істеді, олар ашыққан көшпелі қазақ ауылдарына қызмет көрсетті. Осы отрядтар ашыққандарға өз асханалары арқылы 2000-нан астам азық-түлік паягын бөлді. Медициналық пункттері мен ауруханалары арқылы денсаулық сақтау бағытындағы қажетті көмектер атқарылды. Сонымен бірге ҚазАКСР-інің Ақмола және Семей губернияларының, Түркістан АКСР-інің Сырдария және Жетісу губернияларының тұрғындарына, ашаршылықтан зардап шеккен көшпелі және жартылай көшпелі аудандарға көмек ретінде 6927 ірі мүйізді қара мен ұсақ тұяқ берілді” [9.189-190].

Орталық Кеңес өкіметі Қаз АКСР-ғы аштықтың зардаптарын жоюда тағы да басқа нақты көмектер көрсете бастады. Мысалы: “1921-1922 жылдары Қазақстан азық-түлік салығынан ... босатылды.

... 1922 жылы Қазақстан 6,3 млрд рубльдің кредитін және Орталықтың әртүрлі пайыздық аударуларынан 5,3 млрд рубльдің көмегін алды. Мәскеу ақшалай көмектен басқа ҚАКСР-на 3307000 азық-түлік паяктарын бөлді. Олардың құрамына 43000 пұт астық, 255800 пұт жарма, 12000 пұт ет енді. Одан басқа Орталық Қазақстанға 3109473 пұд тұқымдық астық бөлінді”[12].

Осы айтылғандардың қатарында, “Қазақстанға негізгі көмек РКФСР-ден келді. Мәскеу, Рязань, Владимир, Курск және басқа губерниялары ... ҚазАКСР ашыққандарын қамқорлыққа алды. 1921 жылы және 1922 жылдың көктемінде РКФСР өкіметі Қазақстанның аштыққа ұшыраған губернияларына 4475 мың пұт астық, 183 мың пұт картофель, ондаған дәрігерлік-азықтық деп аталатын отрядтар жіберді. Ресейдің орталық аудандары мен Сібір алғашында Қазақстаннан 17 мың, Түркістаннан 41 мың ашыққан адамдарды қабылдады. 225 мыңнан астам ашыққан және бақылаусыз қалған балалар 425 балалар үйі мен қабылдау орындарына орналастырылды. Ашыққандар үшін 173 тамақтандыру пункттері ашылды. 42 мың бас мал мен 225 миллион рубль таратылды.

... 1921 және әсіресе 1922 жылы В.И. Лениннің тапсырмасымен БХШК, ЭКОСО, Жер ісі және азық-түлік халкоматы Қазақстанға ауылшаруашылық машиналары мен құралдарын жіберді”[5.444-445, 457]

Аштықтың зардаптарын жою Қазақстанның республикалық орындары арқылы қарқынды сипат ала түсті. Мысалы: “ ... ҚОАК ашыққандарға көмектесудің ОҚ-нің нақты шараларының бірі

Қаржы Халық Комиссариатымен бірге “Барлық күрес аштыққа қарсы” атты 30 млрд рубльдік республикалық ақшалай лотерея шығару іске асырылды.

... Аштыққа қарсы күресті қаржыландырудың басты көздерінің негізі ішкі мүмкіндіктер арқылы оның зардаптарын азайту жолындағы күрес қорын нығайтуға арналған әр түрлі құрылымдар, соның ішінде төтенше жалпы азаматтық салық, комиссиялық магазиндер арқылы сатылатын сәнді заттарға салық, сауда-өнеркәсіптік кәсіпорындар мен жеке өндірістік кәсіппен айналысатындарға салық, адамдар көп жиналатын қойылымдар мен көңілді жиындардан түсетін салық, 100 ден артық қойлары барларға салық салу, т.б. ске асырылды. Аштыққа ұшырағандар үшін “Көмек беру апталықтары” ұйымдастырылып, ол 1400 тамақ бөліктерін және 166 млн рубль ақша беруді қамтамасыз етті”[12].

Алғашқы мерзімнен-ақ Қазақстандағы аштықты қысқа мерзімде тоқтату, одан зардап шеккендерге нақты көмектер көрсету, әсіресе адам шығынын азайту автономиялық республиканың орталық саяси, атқару орындарының басты іс-қимылдарына айналды. Олардың мәжілістерінде республиканың аймақтарындағы аштық көлемін анықтап, шаралар қолдану, жергілікті өкімет орындарының істеріндегі кездесіп отырған кемшіліктерді жою мәселелері үнемі қаралды. Мысалы, осылардың қатарында, 1922 жылдың ақпанындағы РКП Қырғыз облыстық комитетінің отырысында Орал губерниясындағы істің жағдайы туралы мәселе талқыланып, Қырғыз Орталық Атқару Комитетінің саяси хатшысы М.Әуезовтың баяндамасында: “Аштық құлашын жая түсуде, АРА орталығы арқылы жіберілетін азық-түлік белгіленген жеріне үлкен кешігумен жеткізіледі. Аштыққа қарсы көмек органдары соңғы уақытта ғана дала тұрғындарына көмек көрсетудің негізгі әдістерін жасауға кірісті. Қырғыз қызметкерлерінің белсенділіктерін арттыруда үлкен жұмыстар атқарылуда. Басты назар тұқым дайындауға аударылуда.”[13] - делініп, жергілікті жерлердегі орын алып келген жауапсыздықтарды жоюдың жолдары көрсетілді.

Жетісу облысы кеңестік орындары аштықтың көлемін азайту, зардаптарын жою жолындағы көптеген ұйымдастыру шараларын қолға алды. Ең алдымен РКФСР-дың басқа аймақтарынан азық-түлік алуға, қосымша ақша қаражатын босату ісі ұйымдастырылды. Мысалы, Жетісу облыстық ревкомының төрағасы, қызыл кедейлер мен батрактар одағының төрағасы О.Жандосовтың 1921 жылғы 30 маусымдағы: “Толық анық емес мәліметтер негізінде жаңа астық өніміне дейін елеулі тұрғыдағы материалдық көмекке мұқтаж батрактардың саны облыс бойынша онбес мыңға жуық. Олардың қатарында қашқындар да бар.

Азық-түлік органдары оларды азықпен қамтамасыз ете алмайды. Ашыққан батрактарға астық өнімдерін алу үшін бір мезгілдік ақша қарызын беру керек. ... Қырғыз кедейлері Одағына мүше ашыққан батырактарды қамтамасыз ету үшін үш жүз миллионға дейін рубль қажет. Ерекше комиссия қорынан үш жүз миллион рубль алуға рұқсат берілуін сұраймыз” [4.67]-деген ұсынысы осы шаралардың қатарына жатады.

Аштыққа қарсы күрес Семей губерниялық кеңес ұйымдары тарапынан да белсенді тұрғыда жүргізілді. Губернияда ашыққандарға көмек ұйымдастыру комиссиясы құрылды. Аталған комиссияның жұмысы туралы баяндалған ресми құжатта “Ашыққандар мүддесіне сай 100 ден астам қойлары бар мал иелері анықталынып (1 ірі қара б, жылқы 8 бас, түйе 12 бас қойға есептеледі), Комиссия жұмыс істеген алғашқы айда 14-15 миллион рубль жиналды және біраз мөлшердегі аштыққа қарсы жиналған көмектер мен үлестер есебінен азық бөліктері дайындалды. Ашыққандарға көмек апталықтары ұйымдастырылды.

... Желтоқсан айында (жергілікті кеңес орындарына, - Б.Ж.) ашыққандарға көмекті уақытшалықтан тұрақты жағдайда ұйымдастыру туралы арнайы нұсқау жіберілді. Қалаларда 19 балалар үйлері ашылды, ондағы балалар саны 4534-ге жетті. Уездерде тағы да 61 балалар үйлері ашылып, оларға 6574 бала тартылу жоспарланды. Балалар үйін жабдықтауға Губкең халықшаруашылығы арқылы 5000 алтын рубльдік тауарлар мен шаруашылық заттары босатылды.

Губпрофсоветке 76000 аршын мануфактура өнімдері берілді. Балаларға арналған 250 төсектік жаңа аурухана ашылды. Аштыққа ұшырағандарды қолайлы аймақтарға көшіру 1921 жылдың 29 шілдесінен басталды және сандары анықталмаған жеке адамдардан басқа ұйымдасқан түрде санитарлық поездар арқылы 14198 адам жіберілді.

Келгендердің арасындағы басым бөлегі еңбекке жарамсыздар болды. Мекен жайлардың жоқтығынан мекемелерді босатуға тура келді, кейбір мекемелер жөндеуден өткізіліп, 6000 адамға орын қарастырылды.

Отын дайындауға арналған үш апталық тапсырмасынан астық шықпаған губерниялар босатылады, барлық жұмыстар астық жақсы шыққан губернияларға шоғырландырылады,”[14]-деп жазылды.

Семей өңіріндегі осы мерзімдегі жергілікті кеңес өкіметі орындары тарапынан аштықтың алдын алу мақсатындағы атқарылып жатқан жұмыстарға А.Бөкейханов: “Қазақстанның күнбатыс жағында ашығып жатқан қазақ еліне тезден жәрдем қылу ниетіменен Семейдің губерниялық аштарға жәрдем қылу комитеті мынадай шараларға кірісіп, соларын іске асырғалы жатыр. Семей губернесінің үйездеріне бөліп, 20 шақты қазақтың азаматтарын жіберді. Олардың көбінесе жинағандары аяқты малдар. Бұл малдарды осы тірі күйінше ашыққандарға жіберу үшін Ақмола һәм Қостанай губернелерінің жәрдемдес болып көмек көрсетулері қажет.

Сондықтан ол жаққа екі кісі жіберіп отырмыз. Олар біздің аяқты малдан берген жәрдемдерімізді ешкімнің қатысына қарамай-ақ бөліп береді. Һәм Семейден жиналған малдарды ашыққандарға аман жеткізіп беруге де олар көз болады,”[15.164]-деген сипаттама береді.

Елді жайлаған осы апатқа қарсы күрес аумағы ұлғая түсті. Мысалы: “... Мемлекет арқылы аштыққа қарсы тағы да басқа істер ұйымдастырылды. Атап айтқанда, жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек ақыларынан пайыздық аудару 82318 азық бөліктері және 5750330542 рубль ақша берді. Лотерея таратудан 12 млрд рубль түсті. Осылармен қатар республиканың аштыққа ұшырағандарға көмектесудің ОК Орталықтан 7420 млн рубль алды. Украина және Түркістан республикасы ҚАКСР - ге 310 мыңнан артық азық-түлік үлесін бөлді.

10 мыңнан астам қараусыз қалған балалар Ресейге, 12 мың – Түркістан республикасына жіберілді”[16].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын. //Егемен Қазақстан, 1998 жыл, 16 қаңтар
2. Баишев С.Б. В.И. Ленин и Советский Казахстан.-Алма-Ата, 1969, с.328
3. ҚРОММ, Қор 5, тіркеме 1, іс 18, пп.15,21
4. Джандосов У.: Документы и публицистика (1918-1937 гг.) В 2-х томах.Т.1. – Алматы: ТОО “Издательский дом Қазақстан”, 1999.-400 с.66
5. Бейсембаев С. Ленин и Казахстан (1897-1924.) Издательство “Казахстан”Алма-Ата-1968., с.535
6. В.И. Ленин Полн. собр. соч. Издание пятое. т.53.243,244
7. Кошанов А., Сабден О., Догалов А. Турар Рыскулов: государственная деятельность и экономические воззрения.-Алматы: Институт экономики МОН РК, Издательство “Арыс”2008, 52,83 бб
8. В.И. Ленин Полн. собр. соч. Издание пятое. т.45. 702,703
9. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том.-Алматы: “Атамұра”, 2010, 752 бет, суретті, карталы
10. ҚР Президенті мұрағаты, қор 139, тіркеме 1, іс 23,п.5
11. ҚР Президенті мұрағаты, қор 139, тіркеме 1, іс 444, п.п.11 арты,13 арты
12. Алексеенко А.Н., Жаксылыков А.Ф. Курс лекции по Истории Казахстана.
13. М.Әуезовтың өмірі мен шығармалық шежіресі. Алматы: Ғылым, 1997, 74 б.
14. ҚРОММ, Қор 30, тіркеме 1, іс 344, п. 29
15. Әлихан Бөкейхан. Шығармаларының 9 томдық толық жинағы. VII том (1917-1924), Астана, 2013, 520 б.
16. Халидуллин Г.Х. Политика советского государства в отношении казахских шаруа (1917-1940 гг.) - Алматы. НИЦ Ғылым, 2001, сс.34,35

References:

1. Let Nazarbayev N. A. be remembered in our memory, let peace be maintained. // Sovereign Kazakhstan, January 16, 1998
2. Baishev S. B. V. I. Lenin and Soviet Kazakhstan.- Alma-Ata, 1969, P. 328
3. Kromm, Fund 5, Trailer 1, case 18, PP.15,21
4. Zhandosov U.: documents and journalism (1918-1937).) In 2 volumes.Vol. 1. - Almaty: LLP “Independent House of Kazakhstan”, 1999-400 P. 66
5. Beisembayev S. Lenin and Kazakhstan (1897-1924.) “Kazakhstan”Alma-Ata-1968., с.535
6. V. I. Lenin Poln. sobriety. Soch. "I'm sorry," he said. Vol. 53. 243,244
7. Koshanov A., Sabden O., Dogalov A. Turar Ryskulov: state activity and economic recovery. - Almaty: Institute of economics of the Ministry of Education and Science Of The Republic of Kazakhstan, Arys publishing house 2008, op 52.83
8. V. I. Lenin Poln. sobriety. Soch. "I'm sorry," he said. Vol. 45. 702,703

- 9.history of Kazakhstan (from ancient times to the present day). In five volumes. Volume 4.-
Almaty: "Atamura", 2010, 752 pages, illustrated, cartographic
10. archive of the president of the Republic of Kazakhstan, fund 139, Trailer 1, case 23, p. 5
11. archive of the president of the Republic of Kazakhstan, fund 139, Attachment 1, case 444, P. P.
Art. 11, art. 13
12. Alekseenko A. N., Zhaksylykov A. F. course lectures on the history of Kazakhstan.
- 13.the life and creative Chronicle of M. Auezov. Almaty: Nauka publ., 1997, 74 P.
14. Kromm, Fund 30, Trailer 1, case 344, P. 29
15. Alikhan Bukeikhan. A complete 9-volume collection of his works. Volume VII (1917-1924),
Astana, 2013, 520 P.
16. Khalidullin G. H. politics of the Soviet state in relation to the Kazakh peasantry (1917-1940).-
Almaty. Nits Nauka, 2001, SS.34,35